**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 43 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 95 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 10 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5700 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2014 № 178 (01.07.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ипотекалық ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Агенттік Басқармасының "Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 43 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4157 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 43 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 231 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4465 тіркелген), "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне ипотекалық ұйымдардың қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы N 189 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4872 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2006 жылы 25 ақпандағы N 43 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2007 жылғы 24 қыркүйектегі N 239 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4982 тіркелген), "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 274 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5126 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2008 жылғы 22 ақпанда N 28 (1428) санында жарияланған), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының " Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 28 қарашадағы N 205 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5465 тіркелген) қаулыларымен енгізілген толықтыруларымен және өзгерістерімен бірге мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесінде:

1-қосымшада:

"1. Активтердің, міндеттемелердің және меншікті капиталдың баланстық шоттарындағы қалдықтар туралы есеп" деген кестеде:

1200-шоттар тобының және 1201-шотының атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1200 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздар | |
| 1201 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздар | |

";

1205, 1206, 1207, 1208 және 1209-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1205 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт | |
| 1206 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы | |
| 1207 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есепке алған сыйақы | |
| 1208 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету шоты | |
| 1209 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету шоты | |

";

1744-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1744 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер | |

" ;

"2. Баланс шоттарындағы кірістер мен шығыстардың қалдықтары туралы есеп" деген кестеде:

5305-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"

| | | |
|---|---|---|
| 5305 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақының амортизациясы бойынша шығыстар | |

" ;

5709-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"

| | | |
|---|---|---|
| 5709 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, бағалы қағаздардың құны өзгеруінен іске асырылмаған шығыс | |

" ;

5733-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"

| | | |
|---|---|---|
| 5733 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін және сату үшін бар болған бағалы қағаздардың құны өзгеруінен іске асырылған шығыстар | |

" ;

4201 және 4202-шоттардың атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"

| | | |
|---|---|---|
| 4201 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, бағалы қағаздар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер | |
| 4202 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, сатып алынған бағалы қағаздар дисконтының амортизациясы бойынша кірістер | |

" ;

4709-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"

| | | |
|---|---|---|
| 4709 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін, бағалы қағаздардың құны өзгеруінен іске асырылмаған кіріс | |

" ;

4733-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"

| | | |
|---|---|---|
| 4733 | Кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін және сату үшін бар болған бағалы қағаздардың құны өзгеруінен іске асырылған кірістер | |

" .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А.Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастан он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, ипотекалық ұйымдарға және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А.Түсіпов) 2009 жылғы 1 маусымына дейін мерзімде "Банктік емес ұйымдар" модулін жетілдіруді қамтамасыз етсін.

5. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

*Төрайым* *Е. Бахмутова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК